

Тақырыбы: Психатриялық және наркологиялық мекемелердегі стоматологиялық қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері.

**Орындаған: Stom Star
GroupТобы: СТК-330**

Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Психиатрия тарихы
- Психиатриялық көмекті ұйымдастыру
- Наркологиялық көмекті ұйымдастыру
- Психиатриялық және наркологиялық мекемелердегі стоматологиялық қызметті ұйымдастыру
- Ортопедиялық стоматологиядағы психиатриялық көмекті ұйымдастыру
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- **Психиатрия** (*психе* – жан, *иатрия* – емдеу) – психикалық аурулардың көріністерін, этиологиясын және патогенезін, ауру ағымының заңдылықтарын, мүмкін болатын асқынуларын, емдік шараларын және реабилитациясын қарастыратын ҒЫЛЫМ.

Психиатрияның тарихи дамуы

- 1. Ежелгі кезең- ерте заманнан эллиндік медицинаның пайда болуына дейін. Бұл кезең науқастың ақаулы іс-әрекеттерінің примитивті-теологиялық түсінігін қарастырған. Жан аурулары бар науқастарға ешқандай медициналық көмек ұйымдастырылмаған.
- 2. Ерте гректік-римдік медицина –шартты түрде 6-7 ғасыр біздің эрамызға дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде жан ауруы бар науқастарға көмек көрсетуге ынталана бастаған. Осы аурулар табиғи (нағыз) өзгерістер деп қарастырылған . Психикалық бұзылыстарды теологиялық тенденциядан тыс түсінуге алғашқы қадамдар (Гипократтық конституция және темперамент, истерия, ауру дамуында жан мен тәннің өзара әсері туралы зерттеулерінде) жасалған. Гиппократ (460-370 гг до н.э.): меланхолия, мания, френия, эпилепсия. Психикалық бұзылыстардың гуморальдік теориясы.
- Сонымен қатар психикалық өзгерістері бар науқастарға көмек ұйымдастыру орындары қарастырылған.

Психиатриялық көмекті ұйымдастыру

- Аурудың алдын алуына, ерте анықталуына, психикалық ауруларды емдеуге, науқастардың жағдайын жүйелік бақылауға, оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған ауруханадан тыс және стационарлық психоневрологиялық мекемелер жүйесі құрылды.

Ауруханадан тыс психиатриялық көмек

- психоневрологиялық диспансер,
- диспансерлік бөлім,
- психиатриялық кабинет,
- күндізгі стационар.
- Психоневрологиялық диспансер орталық психикалық науқастарға көмек көрсететін орын болып табылады.

- **Психоневрологиялық диспансер** – бұл емдік-профилактикалық мекеме, ол психикалық ауруларды
- ерте анықтауға,
- науқастарды бақылауға,
- емдік көмек көрсетуге,
- науқастардың еңбек-әлеуметтік жағдайын жақсартуға,
- сонымен қатар ауруды зерттеп, оның себептерін анықтауға,
- аурулардың алдын алуына,
- санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуге арналған.

- Психиатриялық көмекті денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, халыққа білім беру органдары, мекемелер мен ведомстволардың медико-санитарлық бөлімдері атқарады. Психикалық ауру адамға көмек емханалар мен ауруханаларда көрсетіледі. Облыстық және қалалық психикалық денсаулық орталықтары, кабинеттер емханалық қызмекте кіреді. Стационарлық көмек психиатриялық емханаларда көрсетіледі.

- Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің жүйесінде ұзаққа созылған психикалық аурулары бар адамдарға арналған интернат, терең ақаулығы бар 4 пен 14 жастағы балаларға арналған интернаттар бар. Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінде орталық нерв жүйесінің патологиясы бар 4-ке дейінгі сәби балалар үйі бар.
- Аураханада тыс психиатриялық көмекті облыстық, қалалық, психоневрологиялық орталықтар мен аудандық кабинеттер көрсетеді.

- Психиатриялық денсаулық орталықтары – психикалық ауруларға арналған әр түрлі көмек шоғырланған мекеме. Орталықтардың негізгі мақсаты психикалық ауру адамдарды есепке алу, оларға диагностикалық және ем көмегін көрсету, реабилитация шараларын жүргізу керек болған жағдайда ауруханаға жатқызу. Ауру адамдарға әлеуметтік және құқылық көмек көрсетуге назар аударылады.
- Психикалық денсаулық орталықтарында сот-психиатриялық, еңбек және әскери экспертизалар өткізіледі. Бұл орталықтарда еңбек-емдеу шеберханалары, күндізгі және түнгі психиатриялық бөлімшелері болады, көмек учаскелік территориялық принцип бойынша атқарылады. Психиатриялық жедел көмектің арнайы бригадасы болады.

Ауруханадағы психиатриялық көмек

- Ауру адамдарға ауруханаға жолдаманы учаскелік, психиатр-дәрігер не жедел медициналық көмек бригадасының дәрігері береді. Жедел көмек көрсету керек болған жағдайда кез келген маман-дәрігер ауруханаға жолдаманы бере алады. Ауруды қабылдау мәселесін қабылдау бөлімшесінің дәрігері шешеді. Балаларды ауруханаға жатқызғанда учаскелік педиатр баланың эпидемиологиялық айналасындағы жағдайы туралы анықтамасы болу керек.

Наркологиялық көмек

- Наркологиялық көмек психиатриялық мекемелермен тығыз байланысы бар денсаулық сақтау органдарының арнайы наркологиялық қызметі арқылы атқарылады. Бұл көмек емхана және аурухана жағдайында наркологиялық медициналық-әлеуметтік түзету орталықтарында мен кабинеттерде өткізіледі. Орталықтың негізгі мақсаты маскүнемдік, каркомания және уланумен ауырған адамдарды анықтап, есепке алып, емдеп, халық арасында психогигиеналық және психопрофилактикалық жұмыстарды атқару.

- Наркологиялық орталықтар құрамына кіретіндер:
- 1.Жылдық есеп дайындалатын, халық арасында наркологиялық көмекті жақсартатын шаралар жасалынатын, наркологиялық қызметке талдау жүргізетін ұйымдастыру әдістеме кабинеті.
- 2.Клиникалық және биохимиялық лабораториялар, физиотерапия, инеререфлексотерапия, невропатолог, терапевт, психолог, рентгенолог, гипнотерапия, мас болуды анықтау кабинеттері сияқты қосымша бөлімшелер.
- 3.Аурухана бөлімшелері, күндізгі стационар, түнгі профилакториялар.
- Кейінгі жылдары ауру адамдарға аты жөнін, мекен-жайын айтпай-ақ, анонимді түрде емдеу кабинеттері мен бөлімшелерінде қалауы бойынша ем алу мүмкіншілігі туды.

Ортопедиялық стоматологиядағы психиатриялық көмекті ұйымдастыру

- Заманауи стоматологиядағы жансыздандыру әртүрлі стоматологиялық емшараларды жүргізу кезінде аурсыну сезімінің төмендетуге немесе тоқтатуға бағытталған психопрофилактикалық және медикаментозды әсерлердің кешені болып табылады.
- Стоматологиялық науқастардағы эмоциялық күйзелістің негіздері мен себептері ретінде ауырсынуды күту және уайымдау болып табылады. Тісті емдеу кезіндегі және басқа да стоматологиялық әрекет нәтижесінде пайда болған ауырсынудан қорқу болашақтағы емдеу алдында да теріс реакцияның туындауына себеп болады. Соның салдарынан науқас стоматологиялық креслодан қашқатауға тырысады.

- Эмоциялықкүйзелістің салдарынан гомеостатикалық тепе теңдіктің бұзылуымен байланысты биологиялық, емдеудің сәтсіз нәтижелерімен, емделуге кеш келумен, кейбір науқастардың стоматологиялық ем-шараларға сәйкес емес қарым-қатынасымен, емдеуден бас тартумен байланысты психологиялық әлеуметтік болып бөлінеді. Науқастардың тісті көп жұлдыртатынының бір себебі олардың тіс емдеуден қорқатынында жатыр

- Емдеу және тісті жұлуға келген науқастардың бірқатарында гомеостаз өзгерістерінің күшті болатыны соншалықты, ол хирургиялық күрделі операциялары алдындағы науқастың жағдайымен пара пар десе болады. Операция алдындағы эмоциялық күйзеліс жүрек жиырылысы күшінің, ырғағының және жиілігінің, тыныс жиілігінің, артериялық қысым деңгейінің өзгерісіне алып келеді.

- Эмоциялық күйзелік кезінде тері-гальваникалық рефлекс, тердің шығуы, қант деңгейі мен қандағы гистамин артып, зат алмасу, электр-терілік қарсыласу бұзылады, ауыз құрғайды, диарея пайда болып, қан сипаты өзгереді.